

Техникалық мамандықты игергісі келетін кез-келген адам Қарағанды мемлекеттік техникалық университетіне түсіп жоғары дәрежелі білім алғысы келеді деп ойлаймын. Өйткені ҚарМТУ – бұл жоғары сапалы білім беру ордасы, жоғары заманауи технологиялық құралдармен жабдықталған аудиториялар және де өз ісінің шеберлері болып табылатын профессорлық оқытушы құрамы.

Менің бұл университетпен танысуым 1994 жылдан басталды. Мен үшін Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев оқыған іргелі институтта білім алу үлгі болатын. Осы жылы Қарағанды политехникалық институтында алғаш рет жоғары оқу орындарына түсіру емтихандарын тест түрінде қабылдау туралы шешім қабылданды. Тестілеу үш сабақтан жүргізілді: математика, физика және қазақ тілі.

Біздің топ Машина жасау технологиясы мамандығы бойынша қазақ тілінде оқитын алғашқы топ болды. Кураторымыз Машина жасау технологиясы кафедрасының тәжірибелі оқытушыларының бірі Күзембаева Г.М. болды.

1998 жылы Қарағанды политехникалық институты Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті болып жарияланды.

«Білім алу инемен құдық қазғандай» демекші қазақ тілінде техникалық мамандықты игеру оңай іс болмады. Кафедра оқытушылары кәсіби шеберліктерімен бізге білім нәрін құя білді. Біз кафедраның атаулы оқытушылары Г.С.Жетесова, А.Ш. Жунусова, Г.М.Кузембаева, В.Г.Боярский, О.П.Муравьевтан дәріс алдық. Сабақтар өте қызықты өтетін, біз зертханаларда әртүрлі кесу аумағындағы құбылыстарды зерттеп, семинарлық сабақтарда дәлдікке қол жеткізудің әдістеріне есептер шығарып, механимдерді жобалап курстық жұмыстарды шығардық.

1999 жылы осы университетті ойдағыдай тамамдадым.

Мен осы жоғары оқу қабырғасында оқыған жылдарымды ұмытпаймын, және де тойлағалы отырған 60-жыл мерей тойында Абай атамыз айтпақшы «Сенде бір кірпіш дүниеде, кертiгiн тап та бар қалаң» демекші, біліктілігі жоғары жас мамандарымыз өмірде өз жолдарын тауып еліміздің экономикасын көтеруде ат салысын деп тілеймін.

2004 жылдан бастап мен өз кафедрамда, бір кезде маған тәлім берген оқытушылармен бірге жұмыс істеп келемін. Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінде қазіргі уақытта аймақтық техникалық мамандарды даярлайтын қуатты университетке айналды. Мұнда студенттердің сәйкесінші білім алуы үшін ең соңғы үлгімен жабдықталған компьютерлік аудиториялар, интерактивті тақталар, тілдерді даярлау орталығы құрылды. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға

арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес кәсіби мамандарды даярлауда сапалы деңгейде жүргізу мақсатымен ҚарМТУ базасында жұмысшы әсіптердің Орталығы құрылды. Университет сапалы білім алуға қажетті барлық технологиялық жабдықтармен жабдықталған.

60-жылдық мерей той – біздің үлкен елімізде, жақын және алыс шет елден жұмыс істеп жатқан политехтың түлектерінің барлығына ортақ мереке! Бүгінде Политех түлектері кәсіби өмірлеріне жолдама берген оқу орындары ҚарМТУ атын әлемде жоғары ұстап келеді.

Университет болашаққа сеніммен қарайды. ҚарМТУ ұжымы осы атаулы мерей тойына түбегейлі өзгерістер мен жоспарларымен келіп отыр.

Университетті осы мерей тойымен құттықтай отырып мен тек профессорлық-оқытушы құрам мен студенттерді атап қана қоймай, сонымен қоса өз өмірлерін осы оқу орынымен байланыстырған барлық адамзат баласын құттықтағым келеді!

Барлығыңызға тек қана алға дегім келеді, бұл кең ауқымды сөздің ішінде бәрі бар: жаңа жетістіктер, шығармашылық идеялар, іскерлік шешімдер, жаңа ыңтымақтастықтар. Тек қана АЛФА!

Бузауова Тоты Мейрбековна



Машина жасау технологиясы кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к.